

ЖШС «Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының меңгеруші
жанындағы кеңесі отырысының хаттамасы №4

09.02.2022 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - К.Джаксибаева

Хатшысы - Д.Турлыбек

Қатысқандар – 11

Күн тәртібі

1. Аттестациядан өтетін тәрбиешілердің іс-құжаттарына талдау жүргізу.
2. Сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру және өткізу.
3. Балалардың бағдарламаны игеруіне салыстырмалы талдау жүргізу.
4. Қосымша сабақтардың өткізілуіне талдау жасау.
5. Вариативті компоненттер бойынша үйірме жұмыстарының жүргізілуі.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша меңгеруші К.Джаксибаева аттестациядан өтуге талап білдіретін тәрбиешілерге өз ісіне өте ұқыпты, оқу ұйымдастыру қызметі бойынша жұмыстары жоспарға сай, балалармен қарым-қатынасы өз дәрежесінде, барлық балалармен тіл табыса алатын және оларды баули отырып, ұйымдастыру қабілеті жоғары болуы қажеттігіне тоқталды. Сондықтан барлық құжаттары талапқа сай болулары қажет.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әдіскер сюжеттік- рөлдік ойындарды ұйымдастырудың педагогикалық принциптері мен оларды басқарудың қазіргі заман әдістері басшылыққа алына отырылып, балабақшада өткізілетіндігіне тоқталды. Тәрбиешілер сұхбат- әңгіме, белгіленген тақырыптар бойынша балалардың әңгіме құруы, әдеби туындылар бойынша сахналау жұмыстарын жолға қойған.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша тәрбиеленушілердің бағдарламаны игеруі талапқа сай келеді. Бастапқы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеруі бойынша даму мониторингісімен салыстырғанда аралық даму мониторингісі әлдеқайда жоғарылаған. Бұл дегеніміз балалардың білім деңгейінің өсуі деп түсінеміз. Балабақшада оқу қызметінің ұйымдастырылып өткізілуі өз дәрежесінде.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша қосымша сабақтар орыс тілі, ағылшын тілі сабақтары, логопед жұмыстары жайлы айта келіп, сабақтардың жылдық жоспарларына сәйкес өткізіліп жатқандығы, ал логопед жұмысы бойынша кейбір әріптерге тілі келмейтін балалармен және сөйлей алмайтын балалармен жұмыстардың өз дәрежесінде өтіліп жатқандығы жайлы айтылды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша орталықта вариативтік компоненттер бойынша үйірме жұмыстары кестеге сай, өз дәрежесінде өткізіліп жатқандығы жайлы айтылды.

Шешім:

1. Аттестациядан өтетін тәрбиешілер өз құжаттарын талапқа сәйкес реттесін..
2. Сюжеттік- рөлдік ойындарды ұйымдастыру және бағдарламаны игеру жұмыстары одан әрі жандандырылсын.

3. Балалардың бағдарламаны игеруіне салыстырмалы талдау жұмысы дұрыс деп табылсын.
4. Қосымша сабақтардың өткізілуі және вариативті компоненттер бойынша үйірме жұмыстары қанағаттанарлық деп табылсын.

Төрайымы

Хатшысы



К.Джаксибаева

Д.Турлыбек